

Тартымды да мәнді кездесу өткізілді.....

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында еліміздің танымал зиялы адамдарымен тартымды да мәнді кездесулер ұйымдастырып тұру дәстүрге айналған.

Мәселен, осы өткен айда ғана академия басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамымен тыңдаушылар тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарихшылар Ұлттық конгресінің ғылыми хатшысы, «Ұлттар келісімі» қоғамдық қорының директоры Зиябек Ермұқанұлы Қабылдиновпен кездесті.

Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов Зиябек Қабылдиновты таныстырып, алғашқы сөз кезегін ұсынды.

Құрметті қонағымыз Зиябек Қабылдинов: «Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - 100 нақты қадам» - бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары», «Қазақ хандығының 550 жылдығы», «Қазақ халқы Ассамблеясының 20 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 70 жылдығы» атты үлкен мерекелі шараларға толығырақ тоқталды.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясы алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жарияланды. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1995 жылдың 1 наурызында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтауға арналған бірегей институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойған еді. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Бүгін Ассамблея Елбасының Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын маңызды құрылымға айналды.

Ұланғайыр Қазақстан елі – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, ортақ болашақ!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Толеранттылық бұл – біздің қоғамның адамгершілік нормалары. Оларды біз нығайтып, қорғап, барлық буындарды тәрбиелейтін боламыз». Қазақстандық толеранттылық қазақ халқының көп жылғы мәдени және әдет-ғұрыптың негізінде қаланған. «Ел - жұрты», «Жеті ата», «қонақжайлық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» - бұл ұғымдар қазақ халқының өмірлік түсіну негізінде қаланған. Келісім және

толеранттылық идеясы Қазақстанның өркендеу жолындағы құнды негіз болып табылады. Сонымен қатар тіл мәселесіне, білім мен мәдениет саласына да тоқталды.

Сондай-ақ, Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов ХХ – ғасырдың түлегі, алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, халық құрметіне бөленген, білімді де парасатты жан болған, ішкі қызметтің генерал – лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевқа арналған мұражаймен таныстырып, «Академия міндет, абырой, ерлік!» атты оқу ордасының журналын құрметті қонағымызға табыс етті.



Орынбасар УАҚПАЕВА
ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
Баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы

Суреттерді түсірген:
Фото. С.Камалов